

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 9 сәуірдегі N 2940 Жарлығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 сәуірдегі N 474 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 9 сәуірдегі N 2940 Жарлығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**Қазақстан Республикасы Президентінің
Жарлығы Қазақстан Республикасы Президентінің
1996 жылғы 9 сәуірдегі N 2940 Жарлығына
толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы**

Қ а у л ы е т е м і н :

1. "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен жоғары және үкіметаралық деңгейлердегі кездесулер мен келіссөздер барысында қол жеткен уағдаластықтарды іске асыру мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 9 сәуірдегі N 2940 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1996 ж., N 14, 109-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

кіріспедегі "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен уағдаластықтарын" деген сөздерден кейін, тақырыптағы және 1 және 2-тармақтардағы "уағдаластықтарды" деген сөзден кейін ", сондай-ақ Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдерін" деген сөздермен толықтырылсын;

1 және 2-тармақтардағы "іске асырудың тәртібі жөніндегі Ереже" деген сөздер "іске асыру ережесі" деген сөздермен ауыстырылсын, "Ережеде белгіленген" деген сөздер өзгеріссіз қалдырылсын;

2 және 3-тармақтардағы ", мемлекеттік комитеттері" деген сөздер алынып тасталсын;

3-тармақтағы "мемлекеттік органдар" және "мемлекеттік органдардың басшылары" деген сөздерден кейін "және бірлескен үкіметаралық комиссиялардың қазақстандық

бөлігінің тең төрағалары" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақтағы "мемлекеттік органдардың басшылары" деген сөздерден кейін "және бірлескен үкіметаралық комиссиялардың Қазақстандық бөлігінің тең төрағалары" деген сөздермен толықтырылсын;

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен жоғары және үкіметаралық деңгейлердегі кездесулер мен келіссөздер барысында қол жеткен уағдаластықтарды іске асыру тәртібі туралы ережеде:

тақырыпта және 1-тармақта:

"тәртібі туралы Ереже" деген сөздер "ережесі" деген сөзбен ауыстырылсын, "Осы Ереже" деген сөздер өзгеріссіз қалдырылсын;

"уағдаластықтарды" деген сөзден кейін ", сондай-ақ Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдерін" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. "Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдері" (бұдан әрі - халықаралық ұйымдардың шешімдері) деген ұғыммен халықаралық ұйымдар органдарының олардың жарғылық құжаттарында көзделген тәртіппен қабылдаған шешімдері түсіндіріледі";

4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Шарттарда және уағдаластықтарда, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың шешімдерінде айқындалған мәселелер өздерінің құзіретіне енетін Қазақстан Республикасының министрліктері мен өзге де орталық атқарушы органдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар (бұдан әрі - Қазақстан Республикасының органдары) және бірлескен үкіметаралық комиссиялардың қазақстандық бөлігінің тең төрағалары аталған шарттар мен уағдаластықтар, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың шешімдері бойынша Қазақстан тарапы қабылдаған міндеттемелердің орындалуын тікелей қамтамасыз етеді. Осы мақсатта аталған органдар белгіленген уағдаластықтар бар шарттың немесе құжаттың мәтінін алғаннан кейін екі апта мерзімде солар бойынша қабылданған міндеттемелерді орындау жөнінде нақты іс-шаралар әзірлейді және оларды іске асыру жөнінде Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне ұсыныстар енгізеді.

5. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының мүдделі органдарының ұсыныстарын қорытындылауды қамтамасыз етеді және екі апта мерзімде нақты мерзімдер мен тікелей орындаушыларды көрсете отырып, жасалған шарттарды, қол жеткізілген уағдаластықтарды, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың шешімдерін іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі өкімінің жобасын әзірлейді және оны белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің Кеңсесіне енгізеді";
6-тармақ алынып тасталсын;
7-тармақтағы "Үкіметінің қаулысымен" деген сөздер "Премьер-Министрінің өкімімен" деген сөздермен ауыстырылсын;
8, 10, 11, 12-тармақтардағы "қол жеткен уағдаластықтарды", "уағдаластықтарды", "қол жеткен уағдаластықтарын" деген сөздерден кейін сондай-ақ халықаралық ұйымдардың шешімдерін" деген сөздермен толықтырылсын;
10-тармақтың үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:
"Бірлескен үкіметаралық комиссиялардың қазақстандық бөлігі өз жұмысында "Шет елдермен ынтымақтастық жөніндегі бірлескен үкіметаралық комиссиялардың (комитеттердің, кеңестердің) қазақстандық бөлігі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 12 желтоқсандағы N 1304 қаулысымен бекітілген Шет елдермен ынтымақтастық жөніндегі бірлескен үкіметаралық комиссиялардың (комитеттердің, кеңестердің) қазақстандық бөлігі туралы ережені басшылыққа алады".

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті